

«Бекітілді»  
№11 «Таңшолпан» бөбекжай - бақшасының  
директоры\_\_\_\_\_

С.Ж.Жанекешова

**№4 "Күншуақ" ересек тобының "Ертегілер елінде!" вариативтік  
компонент ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

Тәрбиеші: Алипказиева А.К

2021ж.-2022жж

## Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту жұмыстарын жүргізуде үстел-үсті, қуыршақ, конус, саусак театрларының, сонымен бірге сахналық қойылымдардың рөлі өте үлкен. Сахнада балалар өздерін ертегі кейіпкерлерінше сезініп, ой-қиялдарын ұшқырлайды. Өздері сүйіп тындайтын ертегі кейіпкерлерінің бейнелерінде ойнау - олар үшін зор қуаныш сезімін тудырады. Сахналық қойылымдар мазмұны арқылы балалар лексиканы меңгереді, диалогке түседі, ертегідегі жануарлардың дауыстарын, қимылдарын айнытпай салып, барынша көрсетуге тырысады. Соның нәтижесінде, балалардың шығармашылығы дамиды, қызығушылықтары артып, қуанады.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ертегілердің маңызын, мазмұнын балаларға айтып, көрсету арқылы жүзеге асыру. Сабақ балалардың, ертегілерге қызығушылықтарын арттыруға бағытталған. Сондай-ақ балалардың көз қарасын, олардың қоршаған ортамен байланысын, дүние танымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі баланың «Ертегілер елінде» топтамасының тақырыптарын өмірмен байланыстырып айтуға үйретуге, баланың қиялына ерік береміз. Ертегі туралы бала өз ойын қиялдай отырып жеткізеді. Басқа ертегілермен салыстыра отырып, білім берумен қатар адамгершілік, еңбек, дене эстетикалық тәрбие беруге аса көңіл бөлінеді. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп, ойнай білуге үйрету. Ертегілерді толығымен айта білуге іскерлігін жетілдіруге дағдыландыру.

## **Мақсаты:**

Сахналық қойылымдар арқылы балалардың шығармашылығын дамыту, халық ауыз әдебиетіндегертегілермен,ертегі кейіпкерлерімен таныстыру.Балалардың тілін,сөздік қорын молайтып,балалардың танымын,қабілетін дамыту.Ойлау, қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, адалдыққа,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.Мәнерлеп сөйлеуге баулу.

Ертегілердің мазмұнын түсіндіре отырып,тиімді жеткізуде әртүрлі театр түрлері алынады.Олар саусақ театры,қуыршақ театры,көлеңке театры,үстел-үсті театры және конус театры арқылы сомдалады.Сонымен қатар фланелеграф тақтасы қолданылады.Балалар рөлге бөлініп ,кейіпкерлердің іс-қимылдарын орындайды.Балалардың тілін дамытуда,олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады.Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып,олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып,адамгершілік жақсы қасиеттерін қалыптастырады.Театр әр балаға қуаныш,ұмытылмас әсер сыйлайды,оның көркемдік талғамын,еліктеуімен қиялын дамытады.

## **Міндеттері:**

1. Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 4-5 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
2. Дауыс ырғағы арқылы ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
3. Әр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
4. Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;
5. 4-5 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

## **Мазмұны:**

Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік қойылымдарға қатысу

Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер

Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым,ишара, жүріс-тұрысты пайдалану

Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

№	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар,көрнекіліктер
1	"Ертегілер еліне" қош келдік! Д/ойын:"Ертегіні тап"	Балаларды "ертегілер еліне" қонаққа апарып,театрдың түрлерімен таныстыру. Театрда өзін ұстау мәдениетін қалыптастыру.Театр мәдениетіне тәрбиелеу.Ертегі көріністерімен,ертегі желісімен,ертегінің көмегімен балаларды тәрбиелеу.	Сөздік ойын.
2	"Бақша ағаштары" Ы.Алтынсарин	Балаларға "Бақша ағаштары" атты ертегіні тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.Ертегі мазмұнын түсіндіріп,өмірмен байланыстырып,салыстыру.	Ертегі желісі
3	"Ата мен бала әңгімесінің диалогы."	Ертегі желісі бойынша балалардың өз ойларымен түсініктерін айтып жеткізу.Ата мен баланың әңгімесін талқылау.Қисық және түзу ағаштарын көрсетіп,салыстыру.	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.
4	"Өсімдікке не қажет?"	Балаларға ағаш әдемі өсу үшін не қажет екенін табу.Ағаш тірі табиғат,оған жақсы күтіп керек.Ертегі қалай аталатынын сұрау.	Су құйғыш,күннің көзі, тырнауыш,күрек.
5	"Бақша ағаштары" фланелеграф театры	Балаларға фланелеграф театры арқылы "Бақша ағаштары" атты ертегісін қызығушылықпен тыңдауға үйрету.Ертегіні еске түсіру.Баланың кейіпкерді өздері ұстап,ертегі мазмұнын сөзбен айта білулерін қалыптастыру.	Фланелеграф тақтасы, Көрнекіліктер.
6	"Мақта қыз бен мысық" Ы.Алтынсарин	Ертегіні оқуға балалардың зейінін аударып,ертегіге деген қызығушылығын арттыру.Ертегінің мазмұнын түсіндіріп,өз ойымен жеткізе білуге үйрету.	Ертегі желісі,суреттері
7	""Мақта қыз бен мысық"ертегісінің кейіпкерлерімен таныстыру."	Ертедегі кейіпкерлерге нақты тоқталу.Ертегі кейіпкерлерімен жеке-жеке танысып,аттарын сұрау.Суреттеу арқылы ой-өрісін,сөздік қорын дамыту.	Көрнекілік,ертегі желісі.
8	"Мақта қыз бен мысықтың достығы"	Мысық сүтті табу үшін,қандай іс-әрекетке баратынын талқылау.Кейіпкерлерді айтып шығу,сурет бойынша табу.	Ертегі желісі,көрнекілік.

		Тәрбиелік өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу.	
9	"Мақта қыз бен мысық"үстел-үсті театры бойынша сомдау.	Балалардың ертегінің үстел үстінде пайда болуын байқай білуге дағдыландыру.Кейіпкерлерді қимылдата отырып,ертегі мазмұнын өз беттерімен айтуға дағдыландыру.	Үстел-үсті театры,ертегі кейіпкерлері.
10	"Түлкі мен тырна"ертегісі Алексей Толстой (орыс ертегісі)	Балалардың ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету.Ертегі кейіпкерлеріне назар аударып,мұқият тыңдап,сұраққа жауап беруге ынталандыру.	Көрнекілік арқылы ертегімен таныстыру
11	"Түлкі мен тырнаға мінездеме беру".	Балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға.Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. Ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету.Достыққа,кешірімділік пен кішіпейілдікке баулу.	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
12	"Дос болайық бәріміз" мақал-мәтел жаттау.	Балалардың ертегі мазмұнын естеріне түсіріп,сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау.Достыққа,әдептілікке байланысты мақал-мәтелдерді үйрету.	Достық туралы мақал-мәтелдер.
13	"Түлкі мен тырна"ертегісін көлеңке театры арқылы сахналау.	Балаларды театр түрімен таныстыру.Ертегі кейіпкерлерінің тек қана көлеңкесін байқайтындарына баланың көздерін жеткізу.Көлеңкеден ертегі кейіпкерлерін тани білуге,аттарын сұрау арқылы жауап алу.Ертегіні толық,нақты айтқызу.Ертегі желісін еске түсіру.	Көлеңке театры арқылы сахналау.
14	"Алтын балта" (орыс халық ертегісі)	Балаларға "Алтын балта" ертегісімен таныстыру,ойлау қабілеттерін дамыту.Сұрақ-жауап арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуін дамыту,зейін қойып тыңдай білуге тәрбиелеу.	Ертегі желісі
15	"Жағымды,жағымсыз кейіпкерлерді салыстыру."	Балаларға ертегі желісі бойынша жағымды,жағымсыз кейіпкерлерді бөліп тануға баулу.Өтірік айтпауға, тойымсыздық сияқты жаман нәрседен аулақ болып,адамгершілікке ,сыйластыққа,шыншылдыққа тәрбиелеу.	Көрнекілік,ертегі желісі.

16	"Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен"	Балаларға ертегі желісі бойынша балта -еңбек құралы. Балта неден жасалынғанын сипаттау. Кедей мен байдың іс-әрекеттерін талқылау. Кімнен үлгі алу керек екенін ұғындыру.	Суреттер
17	"Алтын балта" Қойылым арқылы сахналау	Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу. Актёрлік шеберлігін ашып үйрету.	Атрибуттар, көрнекіліктер.
18	"Үш торай" ертегісі	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.	Сурет, ертегі желісі
19	"Үш торай" мінездеме.	Балаларға үш торайдың жеке іс-әрекетін бақылау. Балалардың сөйлеу, есте сақтау, сөздік қорын дамыту. Адамгершілікке, ақылды, мейірімді болуға тәрбиелеу.	Үш торайдың суреттері.
20	"Қасқырдың ашуы."	"Үш торай" ертегісі туралы білімдерін толықтыру. Қасқырдың үш торайға ұмтылып, ыза болуы. Достықтың арқасында қасқырдың ашуын туғызды. Ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту. Адамгершілікке, достыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу	Суреттер, ертегі желісі.
21	"Үш торай" Саусақ театры арқылы сомдау.	Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	Саусақ театры арқылы сомдау.
22	"Қасқыр мен жеті лақ" ертегісі (неміс ағайынды Гриммдер ертегісі)	Балаларға ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	Ертегі желісі,
23	«Лақтарым менің, шырақтарым менің....»	Балаларды ертегі желісіне байланысты суреттерді орналастыруды үйрету. Ертегі желісі туралы түсініктерін арттыру. Ертегі желісін түсініп тындай білуге тәрбиелеу.	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.

24	«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді»	Балалардың сөйлеу, ете сақтау, тілдік қорын дамыту. Кейіпкерлердің рөлін ойнауды үйрету, сөздерін жаттау. Шыншыл, аңқау болмауға баулу.	Ертегі желісі, көрнекіліктері
25	"Қасқыр мен жеті лақ" ертегісін үстел-үсті театры бойынша сомдау.	Балалардың "Қасқыр мен жеті лақ" ертегі желісін үстел-үсті театры арқылы көрсету арқылы ертегінің мазмұнын сомдау. Адамгершілікке, ақылдылыққа, аңқау болмауға, көпшіл болуға, шыншыл, мейрімді болуға тәрбиелеу.	Үстел-үсті театры
26	"Шұбар тауық" (орыс ертегісі)	Балалар ертегілер туралы түсініктерін бекіте отырып, ойлау қабілеттерін дамыту. Сұрақ-жауап арқылы балалардың сөйлеуін дамыту, зейін қойып тыңдай білуге тәрбиелеу. Адамгершілікке, үлкенді тыңдай білуге қалыптастыру.	Ертегі желісі, суреттер.
27	«Ата мен әжеде қонақта»	Балалардың ата мен әжеге қонаққа баруы. Сұрақ-жауап арқылы байланыс жасау. Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін тандай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.	Атрибуттар, көрнекілік.
28	"Шұбар тауық" ертегісінің кейіпкерлерімен тереңірек танысу.	Балалардың тілдерін жаттықтыру. Ертегі желісі бойынша сөздік қорларын молайту. Ертегіні еске түсіріп, айтып беру.	Ертегі желісі, суреттер
29	«Шұбар тауық» Конус театры	Балаларды ертегінің конус театры арқылы достық сезімге тәрбиелеу, өздерінің рольдерін іскерлікпен, шығармашылықпен орындауға тәрбиелеу.	Конус театры арқылы сомдау.
30	"Бір уыс мақта" Ы.Алтынсарин	Балаларға ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу	Көрнекілік, ертегі желісі.
31	"Торғайдың әрекеті."	Торғай балапандарына қамқор болып, жанашырлық танытып, еңбекқор болуға әрекет жасады. Кез келген затты ысырап жасамай пайдаға жарату,	Мақта, торғай, ұясы.

		әрқашанда көмектесе білуді, торғайдан үлгі алуға тәрбиелеу.	
32	"Бір уыс мақта" Қуыршақ театры бойынша сомдау.	Балалардың ертегі мазмұнын естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсету. Кейіпкерлерді қимылдата отырып, ертегі мазмұнын тыңдап, есте сақтау қабілетін дамыту.	Қуыршақ театры
33	"Маша мен аю" ертегісін таныстыру (орыс халық ертегісі)	Балалардың зейін аударып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Орыс халық ертегісімен таныстырып, түсініктерін бекіте отырып, ойлау қабілеттерін дамыту.	Ертегі желісі, көрнекілік.
34	"Маша мен аю" ертегісінің кейіпкерлерімен тереңірек таныстыру.	Балаларға ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағы, жүріс тұрысы қимыл қозғалысы, мінез құлқы туралы тереңірек ұғындыру. Балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	Ұнтаспа, ертегі дискі.
35	"Машаның тапқырлығы."	Ертегі желісі бойынша Маша өзінің тапқырлығымен, ақылдылығымен үйіне жетті. Машаның іс-әрекетін талқылау, сипаттау.	Көрнекілік, суреттер
36	"Маша мен аю" ертегісін фланелеграф театры арқылы көрсету.	Балалар ертегіні фланелеграф тақтасы арқылы қойылып жасап, көрсету. Кейіпкерлерді қимылдата отырып, ертегі мазмұнын айтып, сөздік қорларын молайту. Ертегі желісін еске түсіру.	Фланелеграф тақтасы, кейіпкерлер.



